29 қараша

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ



ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА СӨЙЛЕДІ

3-БЕТ | ҚОҒАМ



АҒА ЖОЛЫ

5-БЕТ | РУХАНИЯТ

№132
(5030)
Сенбі
7 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



STADLER ПОЙЫЗДАРЫ ЖҮРЕДІ

Жаңа Stadler вагондарынан жасақталған №¾ «Нұрлы жол – Алматы-2» және № 153/154 «Нұрлы жол – Семей» пойыздарына билет сатылымы басталады. Алғашқы пойыздар елордадан Алматыға 11 қарашада, Семейге 13 қарашада жолға шығады.

– Жаңа вагондардан жасақталған пойыздарды іске қосу Мемлекет басшысының жолаушылар вагондары паркін жаңарту жөніндегі тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда. Бүгінге дейін «Жолаушылар тасымалы» АҚ 100-ден астам Stadler вагонын қабылдап алды. Оларды кезең-кезеңімен пайдалануға беру жолаушыларға қолайлы жағдай жасап, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Вагондар паркін жаңарту компания жұмысының негізгі бағыттарының бірі, – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Ахметжанов.

Жаңа вагондар еліміздің климаттық ерекшеліктері мен жолаушылар тасымалына қойылатын заманауи талаптар ескеріле отырып, Stadler Kazakhstan зауытында шығарылады. Купе вагондары 40, ал плацкарт вагондары 56 жолаушыға арналған.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Астанада Ақаба процесінің «Жасанды интеллект саласындағы қауіпсіздік» тақырыбына арналған саммиті өтті.

Саммитке Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Әзербайжан Ұлттық жиналысының спикері Сахиба Гафарова, Қырғызстан Сыртқы істер министрі Жээнбек Кулубаев және басқа да ресми тұлғалар қатысты.

Ақаба процесі – Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн 2015 жылы көтерген терроризмге және зорлықшыл экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық бастама. Аталған алаңда қауіп-қатерлерге қатысты ортақ түсінікті қалыптастыру және нақты әрекет ету шараларын үйлестіру мақсатында мемлекеттер басшылары, арнайы қызметтердің, әскери ведомстволардың және халықаралық ұйымдардың жетекшілері бас қосады.


АБАЙЛАҢЫЗ, АВТОБУС ЖОЛАҒЫ!

Астанада 7 қарашадан бастап Абылай хан даңғылының А.Пушкин көшесінен Манас көшесіне дейінгі аралығында автобус жолағының қолданылу тәртібі өзгереді, деп хабарлайды Elordainfo.kz қала әкімдігінің ресми сайтына сілтеме жасап.

Атап айтқанда, 7.5.2 «Жұмыс күндері» қосымша ақпарат белгісі алынып тасталады. Осыған байланысты автобус жолағы демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, аптаның барлық күнінде қолданылады.

Бұл ретте оның уақыттық режимі өзгеріссіз қалады. Автобус жолағы сағат 06:30-дан 20:00-ге дейін жұмыс істейді.

«Жүргізушілер жол белгілерінің талаптарын және жол жүрісі қағидаларын қатаң сақтауы қажет. Автобус жолағына қатысты талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Тіркелген құқық бұзушылықтар бойынша айыппұл салынады» делінген хабарламада.



КУРАШ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Астана қаласында 7-9 қараша аралығында ересектер арасында күрес күресінен XV әлем чемпионаты өтеді.

Әлем чемпионатының салтанатты ашылу рәсімі 7 қараша күні сағат 17:00-де Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпежек сарайында өтеді.

Байрақты бәсекеге әлемнің 67 елінен 400-ге жуық спортшы қатысады. Балуандар ерлер мен әйелдер арасында 16 салмақ дәрежесі бойынша сынға түседі. Негізгі белдесулер 7-9 қараша аралығында Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпежек сарайында өтеді. Жарыстар күн сайын сағат 10:00-де басталады.



№132 (5030) 07/11/2026 Сенбі





КӨПЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕҢЕЙДІ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Иордан Хашимит Корольдігінің Королі II Абдалла бен әл-Хусейнді қарсы алу рәсімі өтті. Мәртебелі мейманның құрметіне Әуе қорғанысы күштерінің тікұшақтары Қазақстан мен Иорданияның Мемлекеттік туларын желбіретіп, Ақорда алдынан ұшып өтті. Салтанатты іс-шара барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң Президент оркестрі екі елдің әнұрандарын орындады.

Келіссөз аясында Мемлекет басшысы Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейннің Қазақстанға ресми сапары елдеріміз арасындағы берік достықты, өзара құрмет пен ынтымақтастықты көрсететінін атап өтті. «Иордания – араб әлеміндегі уақыт тезінен өткен сенімді серіктесіміз. Кейінгі жылдары ықпалдастығымыз қарқын ала бастады. Біз арамызда орнаған түрлі деңгейдегі берік саяси диалогты жоғары бағалаймыз. Былтыр екіжақты қарым-қатынас үшін ерекше кезең болды, бір-бірімізге сапармен бардық. Келіссөздер қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдеме қабылданды, сондай-ақ министрліктеріміз бен ведомстволарымыздың және іскерлік орта өкілдерінің арасында көптеген құжатқа қол қойылды. Мұның бәрі көпжақты ынтымақтастығымызды одан әрі ілгерілетуге септігін тигізді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан өзара мүддеге сай барлық салада қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске асыруға баса мән беретініне тоқталды. Экономикалық ықпалдастық қазақ-иордан қарым-қатынасының негізгі қозғаушы күші болып қала береді. Сонымен қатар академиялық және ғылыми байланыстарды нығайту, өзара туристер ағынын арттыру арқылы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтудің әлеуеті зор. Мемлекет басшысы екі елдің халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу тәсілдері ұқсас екеніне назар аударып, Иордания Королінің достық байланыстарды нығайтып, қос халықты жақындастыруға қосқан үлесін жоғары бағалады.

САН ҚЫРЛЫ БАЙЛАНЫСТАР БАҒАЛЫ

«Сіздің көреген басшылығыңызбен Иордания парасаттылық әрі байыптылық үлгісін көрсетіп, халықаралық аренада Таяу Шығыс және одан тысқары аймақтардағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың дәйекті жақтаушысы ретінде кеңінен танылды. Осы орайда, Қазақстан Өзіңіз он жылдан аса уақыт бұрын бастаған Ақаба процесін жоғары бағалайды. Мұндай форматтағы кездесуге Орталық Азияда алғаш рет ұйымдастырушылардың бірі ретінде қатысу – біз үшін үлкен мәртебе. Сессия бүгінде аса өзекті саналатын жасанды интеллект саласындағы қауіпсіздік тақырыбына арналып отыр. Саммит Орталық Азия өңірінің ұстанымын білдіріп, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі бірлескен күш-жігерімізге тың серпін сыйлайтынына сенімдімін» деді Президент.

Король II Абдалла бен әл-Хусейн ықыласпен қарсы алғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Қазақстан мен Иорданияны бұрыннан келе жатқан қарым-қатынас, өзара құрмет, сондай-ақ бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту ісіндегі ортақ ұстаным байланыстыратынын жеткізді. «Өзіңіз еске салғандай, былтыр бір-біріміздің елімізге жасаған сапарларымыз екіжақты қарым-қатынасты ілгерілетуге ерекше серпін берді. Біз қол жеткізілген уағдаластықтарды одан әрі өрбітіп, сауда, инвестиция, туризм, технология және қорғаныс секілді негізгі бағыттарда ынтымақтастықты кеңейтуге ниеттіміз» деді Иордания Королі.

Король II Абдалла Ақаба процесі аясындағы кездесулердің жаңа раундын бірлесе ұйымдастырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа шынайы ризашылығын білдірді. Оның айтуынша, бұл екі елдің қауіпсіздік саласындағы өңірлік және жаһандық сын-қатерлерді шешуге бейілдігін көрсетеді. Осы орайда, Иордания Королі өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ терроризм мен экстремизмге қарсы күрес ісінде Қазақстанмен ықпалдастықты кеңейтуге мүдделі екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Король II Абдалланың елімізге сапарын Қазақстан мен Иорданияның стратегиялық серіктестігі тереңдей түскенінің айқын көрінісі деп атады. Президенттің пайымдауынша, жоғары деңгейдегі қарқынды ықпалдастық ортақ басымдықтарды және екіжақты ынтымақтастықтың күн тәртібін ілгерілетуге қолайлы жағдай туғызады. «Біз Иорданиямен сан қырлы байланыстарды жоғары бағалаймыз. Еліміз Сізді бүкіл әлемде беделі биік көрнекті әрі көреген көшбасшы ретінде біледі. Сіздің тегеурінді, байыпты басшылығыңызбен Иордания бейбітшілік пен тұрақтылықтың, абырой мен әділеттің мекені, сондай-ақ қарқынды даму үстіндегі инновация мен орнықты өсім орталығы ретінде танылды. Әлемдік қоғамдастық Сіздің ой-пікіріңізге құлақ асады, жаһандық диалогты өрбітуге елеулі түрде ықпал етіп келесіз. «Ақаба процесі» бастамасы Сіздің халықаралық қауіпсіздікті күшейтуге әрдайым бейіл екеніңізді анық көрсетеді. Ертең Астанада Иорданиямен бірлесіп осы бастама аясындағы кезекті саммитті өткіземіз. Бұл – біз үшін үлкен мәртебе» деді Мемлекет басшысы.

ЗОР ӘЛЕУЕТІ АШЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Корольдің дәйекті қолдауының арқасында екіжақты ынтымақтастық қазірдің өзінде айтарлықтай нәтижелерге ұласқанына назар аударды. «Бүгінде серіктестігіміз екі мемлекеттің де зор әлеуетін аша отырып, жаңа, перспективті бағыттарда белсенді түрде дамып келеді. Былтыр ұйымдастырылған өзара сапарлар бұған тың серпін берді. Осы оң қарқынды сақтап, ықпалдастықты бұдан да жоғары деңгейге жеткізуге ниеттімін» деді Президент.

Мемлекет басшысы Король II Абдалланы Қазақстанның жақын досы санайтынын айтты. «Қазақстан мен Иорданияның арасындағы достық байланыстарды нығайтуға қосқан елеулі үлесіңіз үшін Сізге Al-Farabi орденін табыстау – мен үшін зор мәртебе. Бұл жоғары награданың атауы Шығыстың ұлы ойшылының құрметіне қойылды. Әл-Фарабидің мұрасы қаншама буынды қанаттандырып, адамгершілік шамшырағы болып келеді. Ол саяси ой-сананың, ғылым мен әдебиеттің қалыптасуында баға жетпес тарихи рөл атқарды. Әл-Фараби әлемдік өркениеттің ең ұлы тұлғаларының бірі ретінде танылған. Ол – бүкіл түркі әлемінің ғана емес, сондай-ақ барлық араб халқының да мақтанышы. Сіздің Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әл-Фараби орденімен марапатталуы – Қазақстан мен Иордания арасындағы ерекше сенім мен терең құрмет белгісі. Сіздің Иорданияның Мемлекеттік наградаларын алуыңыз – Сіздің Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейнге деген ерекше құрметіңіздің

ҮКІМЕТ

ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА СӨЙЛЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Павлодар облысындағы «Деректерді өңдеу орталықтары алқабы» жобасын жүзеге асыру барысы туралы кеңес өткізді. Жоба Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында цифрлық экономиканы қалыптастыру және еліміздің цифрлық өзгерісін жеделдету жөнінде қойған міндеттеріне сәйкес жүргізілуде.



Жиында құрылыс жұмыстарының барысы, сондай-ақ жобаны кеңейту және инвестиция тарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндамалар тыңдалды.

Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев жобаның еліміздің цифрлық экономикасын дамыту үшін маңыздылығын атап өтті. «ДӨО алқабы» – қазақстандық экспортқа елеулі серпін бере алатын технологиялық және ірі экономикалық жоба. KPMG халықаралық агенттігінің бағалауы бойынша алдағы уақытта жыл сайынғы әлеуетті экспорттық кіріс $3,1 млрд құрауы мүмкін. Одан бөлек, деректер орталықтарының 20 жылға есептелген бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде елімізге құйылатын инвестициялардың жиынтық көлемі $115 млрд-қа бағаланып отыр.

Жобаның бірінші кезеңінде жалпы қуаты 304 МВт болатын үш деректерді өңдеу орталығын құру қарастырылған.

«Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин осы жылдың тамыз айынан бергі жұмыс барысы туралы баяндады. Атап айтқанда, қуаты 68 МВт болатын бірінші деректерді өңдеу орталығының құрылыс алаңында нысандардың іргетасын қалау, инфрақұрылым нысандары мен әкімшілік ғимараттар салу жұмыстары басталған. Бірінші орталықты 2027 жылдың екінші тоқсанында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар қуаты 164 МВт болатын екінші Firebird AI деректер орталығын құру жұмыстары да жүргізілуде. Қазіргі кезеңде қазаншұңқыр қазу жұмыстарының 70%-ы аяқталған. Кампусты дамыту кезінде есептеу қуаттарын кезең-кезеңімен одан әрі арттыру және энергетикалық инфрақұрылым салу көзделген. Жұмыстарды аяқтап, орталықты іске қосу 2027 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған.

Сондай-ақ қуаттылығы 72 МВт болатын үшінші деректер орталығының да құрылысы салынбақ, ол 2027 жылдың төртінші тоқсанында іске қосылады.

«ДӨО алқабы» жобасының екінші кезеңін жүзеге асыру үшін Gaw Capital, Boosteroid және Firebird компанияларымен қуаты 480 МВт болатын есептеу қуаттарын орналастыру жөнінде алдын ала келісімдерге қол қойылды. Оны 620 МВт-қа дейін арттыру мүмкіндігі бар. Қуаты 240 МВт болатын қосымша есептеу қуаттарын орналастыру және оны 420 МВт-қа дейін ұлғайту мүмкіндігі бойынша да Aleria, Energy Capital Global және China Energy компанияларымен келіссөздер жүргізілуде. 2029 жылға қарай «Деректерді өңдеу орталықтары алқабының» жалпы қуатын 1 ГВт-қа жеткізу жоспарланып отыр.

Жобаны қажетті энергетикалық қуаттармен және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселелері бойынша энергетика министрі Ерлан Аққенженов, Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов баяндады.

Сонымен қатар үшінші суперкомпьютерлік кластерді құру жобасын жүзеге асыру барысы талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-министр «Деректерді өңдеу орталықтары алқабы» экономиканың дамуы үшін, әсіресе Президент жариялаған Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылында өсіп келе жатқан қажеттіліктерді ескере отырып, маңызды мәнге ие екенін атап өтті. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне «Қазақтелеком» АҚ-пен бірлесіп орталықтарды белгіленген мерзімде уақтылы жүзеге асыру және іске қосу тапсырылды.



ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Жақында Кендебай Адамбек бастаған Құрылтайдағы «Әділет» фракциясының депутаттары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Е.С.Сәденовке депутаттық сауал жолдады.

Мемлекет басшысы кез келген құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік болуы керектігін бірнеше рет атап өтті. Азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету – уәкілетті органдардың басты міндетінің бірі.

«Әділет» партиясы үшін заң үстемдігі – әділетті мемлекеттің негізгі қағидаты. Ал құқық қорғау жүйесін жетілдіру, ең алдымен, адам мүддесін қорғауға және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Депутаттық сауалға азаматтардың түнгі уақытта қоғамдық тәртіптің жиі бұзылуына қатысты өтініші негіз болды.

«Әділет» партиясының бағдарламасында «халық үніне құлақ асатын мемлекет» дегеніміз – азаматтардың шағымын жай ғана тіркеп қою емес, олардың көтерген мәселесіне дер кезінде нақты шешім қабылдап, нәтижесін көрсету. Бүгінде тұрғындар дәл осындай нақты әрекетті күтіп отыр.

Қалалардың орталық көшесінде мотоциклдер мен тюнинг жасалған автокөліктердің жүргізушісі рұқсат етілмеген жарысты жиі ұйымдастырады.

Олар жылдамдықты асырып, пиротехника қолданып, тұрғын үйлер орналасқан аумақта әдейі қатты шу шығарады.

Бұл мәселе жол қозғалысы ережесін бұзу шеңберінен шығып, қоғамдық қауіпсіздікке қатысты мәселеге айналды. Сонымен қатар азаматтардың тыныңуына, түнгі тыныштығына теріс әсер келтіреді.

Алайда құқық бұзушылар көп жағдайда жауапкершіліктен тыс қалып жатады. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, мұндай құқық бұзушылықтар сирек тіркеледі. Көп жағдайда шара азаматтардың шағымынан кейін ғана қабылданады.

Екіншіден, қолданыстағы жазаның тиімділігіне қатысты мәселе бар.

Қазір түнгі уақытта тыныштықты бұзғаны үшін 5 АЕК, яғни 21 625 теңге айыппұл салынады. Мұндай жаза құқық бұзушылықты тоқтатуға жеткілікті әсер етпеуі мүмкін.

Ұсынылып отырған шаралардың мақсаты – заң талабын сақтау, халықтың пікірін ескеру және азаматтарға қажет цифрлық шешімді дамыту.

Осыған байланысты депутаттар министрліктің ұсыныстарға қатысты ұстанымын білдіруін сұрады:

1. Рұқсат етілген шу деңгейінің асып кетуін автоматты түрде анықтау үшін арнайы акустикалық құрылғылар мен шу өлшегіштерді фото және бейнетіркеу жүйесіне біріктіру бойынша пилоттық жобаны іске қосу.

2. Түнгі заңсыз жарыстардың жолын жедел кесу және көліктердің шығару жүйесіне заңсыз өзгерістер енгізілгенін тексеру үшін патрульдік полиция мен учаскелік инспекторлардан тұрақты бірлескен экипаждар құру.

3. Көлікке заңсыз енгізілген техникалық өзгерістер толық жойылғанға дейін құқық бұзушының көлік құралын арнайы тұраққа қою.

4. Түнгі уақытта тыныштықты бұзғаны үшін белгіленген жазаның оның салдарына және азаматтардың қалыпты өмір сүруіне тигізетін әсеріне қаншалықты сай келетінін қайта қарау.

5. Жолдағы құқық бұзушылықтарды ұсақ бұзақылық ретінде саралаудың нақты тәртібін әзірлеу. Бұл ретте қоғамды әдейі және ашық түрде құрметтемеудің нақты белгісін, сондай-ақ дәлелдемелерді жинау тәртібін белгілеу.

Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтың 19 қазандағы жауабына сай, мекеме қоғамдық тәртіпті және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ауқымды әрі жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Ағымдағы жылдың басынан бері 274 мың, оның ішінде түнгі уақытта тыныштықты бұзудың 22,2 мың (ӘҚБтК-нің 437-бабы), тікелей ағынды және қатты шу шығаратын жүйелері бар заңсыз қайта жабдықталған көлік құралдарын (бұдан әрі – КҚ) басқарудың 24 мың (ӘҚБтК-нің 590-бабының 7-бөлігі), маневр жасау қағидаларын бұзудың 57,9 мың (ӘҚБтК-нің 595-бабы), қарсы бағыттағы қозғалыс жолағына шығып кетудің 4,6 мың (ӘҚБтК-нің 596-бабының 3-бөлігі), авариялық жағдай тудырудың 11,8 мың (ӘҚБтК-нің 606-бабы), 404 «дрифт» әкімшілік құқық бұзушылық фактісінің (олардың ішінде 61 жүргізуші әкімшілік қамауға алынды, 343 жүргізушіге айыппұл салынды) жолы кесілді.

Сонымен қатар ағымдағы жылғы 23 қыркүйектен бастап республика аумағында «Түнгі қала» мақсатты жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіліп жатыр.

Ағымдағы жылғы 12 қазандағы жағдай бойынша 47,1 мың, оның ішінде түнгі уақытта тыныштықты бұзудың 2,8 мың (ӘҚБтК-нің 437-бабы), рұқсатсыз қайта жабдықталған көлік құралдарын басқарудың 2,6 мың (ӘҚБтК-нің 590-бабының 7-бөлігі), маневр жасау қағидаларын бұзудың 7,9 мың (ӘҚБтК-нің 595-бабы), қарсы бағыттағы қозғалыс жолағына шығып кетудің 590 (ӘҚБтК-нің 596-бабының 3-бөлігі), авариялық жағдай тудырудың 2 мың (ӘҚБтК-нің 606-бабы) және 30 «дрифт» құқық бұзушылық фактісінің (олардың ішінде 6 жүргізуші әкімшілік қамауға алынды, 24 жүргізушіге айыппұл салынды) жолы кесілді. Атқарылған жұмыстардың нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланууда.

Министрлік цифрлық шешімдерді қолдану мәселесі бойынша шудың шекті деңгейден асып кетуін автоматты түрде анықтау үшін фото және бейнетіркеу жүйесіне инновациялық акустикалық камералар мен шу деңгейін өлшейтін құралдарды біріктіру бойынша пилоттық жобаны іске қосуды қолдайды.

Қазіргі уақытта АҚШ, Германия және Францияның озық шетелдік тәжірибесі зерделенуде. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, әкімшілік заңнаманы жетілдіру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс нормаларын жаңарту шеңберінде түнгі тыныштықты бұзғаны үшін жауапкершіліктің мөлшерлес болуын қамтамасыз ету тетіктері, техникалық өзгерістері бар автокөліктерді жойылғанға дейін арнайы тұрақтарда ұстау тәртібі, сондай-ақ жолдардағы құқық бұзушылықтарды саралау тәсілдері егжей-тегжейлі пысықталуда.

Қауіпсіздікті, заңдылықты қамтамасыз ету және азаматтардың тыныштығын қорғау жөніндегі жұмыстар жалғасуда және тұрақты бақылауға алынды.

әділет

ҚАМҚОРЛЫҚ – ІСТЕ, ӘДІЛДІК – ӘР ШЕШІМДЕ!

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ 2026

№132 (5030) 07/11/2026 Сенбі



Акбаржон ИСМАИЛОВ,
Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі:

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің алдағы даму бағыттары айқындалып, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға арналған нақты міндеттер белгіленді. Президент еліміздің бірнеше өңірінде әуежай құрылысының қатар жүргізіліп жатқанын бұрын-соңды болмаған жағдай ретінде атап өтті. Ал мұндай жобалар көлік қатынасын кеңейтіп, өңірлердің экономикалық мүмкіндіктерін арттыруға жол ашады. Әуе қатынасының дамуы кәсіпкерлік пен туризмге серпін беріп, инвестиция тартуға да ықпал етеді. Өңірлер арасындағы байланыс жақсарған сайын жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті бизнестің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік көбейеді.

Мемлекет басшысының келесі жылды құрылыс жылы деп жариялап, «Халықтық құрылыс» бастамасын ұсынуы да осы міндеттермен сабақтас. 2029 жылға дейін Ұлттық қордан 6,5 триллион теңге бөлу жоспарланып отыр. Бұл қаражат есебінен білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет нысандарын салу, сондай-ақ инфрақұрылымды дамыту көзделген.

Сонымен қатар, Жолдауда шағын және микробизнесті қолдау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Мемлекет басшысы 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап микро және шағын бизнесті тексеруге тағы үш жылдық мораторий енгізу мүмкіндігін Үкіметпен бірлесіп талқылауды ұсынды. Бұл бастаманың түпкілікті шарттары белгіленген кезде кәсіпкерлердің мүддесі мен мемлекеттік бақылаудың қажеттілігі қатар ескерілуі керек. Бұрынғы мораторий тәжірибесін талдау да осы үшін маңызды.

Әрине, шағын кәсіпорын үшін тұрақты әрі түсінікті талаптардың болуы маңызды. Кәсіпкер қандай ережелерді сақтауы керектігін анық біліп, уақытын артық әкімшілік рәсімдерге емес, өндірісін дамытуға, қызмет сапасын арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға жұмсай алуы қажет деп есептеймін. Кәсіпкерлікке жағдай жасау мен заң алдындағы жауапкершілік қатар жүргенде ғана бизнестің дамуына берік негіз қалыптасары анық.

Халықтың әл-ауқаты туралы сөз болғанда, әлеуметтік саясаттың мазмұнына да назар аудару қажет. Президент мемлекеттік көмектің шын мұқтаж адамдарға берілуі керектігін айтып, бұл мәселені «өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай», байыппен шешу қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысының әлеуметтік мемлекет туралы пікірі де осы ұстанымымен үндеседі. Әлеуметтік саясаттың мақсаты азаматтарды төлемдерге тәуелді ету емес, олардың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыру болуы керек. Адамның тұрақты жұмысы мен лайықты табысы болса, ол отбасын қамтамасыз етіп, балаларының біліміне, денсаулығына және болашағына көбірек мүмкіндік жасай алады. Түптеп келгенде, әлеуметтік мемлекет дегеніміз – азаматтарды әлеуметтік төлемдерге тәуелді ету емес, бұл, ең алдымен, халықтың тұрмыс сапасын, әл-ауқатын арттыру деген сөз.

Осы тұрғыдан алғанда, ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеден 100 мың теңгеге дейін көтеру жөніндегі тапсырманың маңызы зор. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл шара келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап 1,8 миллион адамның, соның ішінде бюджет саласындағы 370 мыңнан астам қызметкердің табысына әсер етеді. Еңбекақының өсуі күнделікті шығындарын жоспарлап отырған отбасыларға қолдау болмақ. Сонымен қатар халық табысының артуы тауарлар мен қызметтерге деген сұранысқа ықпал етіп, ішкі нарықтың жандануына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік саясаттың тағы бір маңызды бағыты – денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру. Жолдауда алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жаңғырту, жалпы практика дәрігерлерінің өкілеттігін кеңейту және осы бағытты қаржыландыруды кезең-кезеңімен арттыру мәселелері көтерілді. Президент учаскелік қызмет мамандарының жалақысын үздіксіз еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін көтеруді де тапсырды. Бұл 77 мыңнан астам маманның табысын арттыруға мүмкіндік береді.

Алғашқы медициналық көмек тұрғындардың денсаулығын сақтауда ерекше орын алады. Аурудың алдын алу, науқасты дер кезінде анықтау және қажетті емді уақытында бастау көп жағдайда осы қызметтің сапасына байланысты. Сондықтан медицина мамандарының еңбегін бағалау, олардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейту және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру халықтың өмір сапасына тікелей әсер етеді.

Жолдаудағы экономикалық және әлеуметтік міндеттер қоғамдағы жауапкершілік мәселесімен де ұштасады. Мемлекет басшысы еліміздің орнықты дамуы үшін қоғамда жаңа этика қалыптасып, «Адал азамат» идеологиясы күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуы қажеттігін айтты.

«Әрекет түбі – берекет» деген халқымыз. Сондықтан мейлінше шырақ болып, отаншыл азамат екенімізді жасампаз істермен көрсету аса маңызды» деді Президент.

Отанға деген сүйіспеншілік күнделікті ісімізден көрінеді. Заңды құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау, өз міндетін адал атқару және ел игілігіне үлес қосу – азаматтық жауапкершіліктің нақты көрінісі. Қоғамдағы тәртіп пен сенім де осындай қарапайым әрекеттерден қалыптасады. Әр адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, өзгелердің құқығын құрметтесе, ортақ мүддеге қызмет ететін құндылықтар өмірде орныға түседі.

«Адал азамат» қағидаты да осындай нақты әрекеттер арқылы орнығады. Отбасында алған тәрбие, мектепте қалыптасқан көзқарас, еңбек ұжымындағы қарым-қатынас пен қоғамдық орта адамның жауапкершілігіне әсер етеді. Сондықтан адал еңбек пен заңға құрметті қоғамның ортақ нормасына айналдыру әр адамның өзінен басталады.

Мемлекет басшысының «Мен Қазақстан әрбір азаматтың дамуына жол ашатын, жалпыға бірдей мүмкіндік беретін, бірлігі бекем, Әділетті әрі Өркениетті мемлекет болуын тілеймін» деген сөзі ел дамуының негізгі бағдарын айқындайды. Экономикалық өсім, жаңа инфрақұрылым, кәсіпкерлікті қолдау және әлеуметтік көмектің тиімділігі түптеп келгенде, азаматтардың өмірінде сезілуі керек. Адам сапалы білім алып, қажетті медициналық көмекке қол жеткізіп, адал еңбегімен табысын арттыруға мүмкіндік алғанда, мемлекеттік саясаттың нәтижесі де айқын көрінеді.

Мемлекет басшысы айқындаған бағыттарды жүйелі жүзеге асырып, ел мүддесі жолындағы бастамаларды бірізді жалғастыра білсек, Қазақстанның даму қарқыны артып, халықтың тұрмыс сапасы жақсара түсетініне сенім мол. Экономикасы қуатты, әлеуметтік мүмкіндіктері кең, заң мен тәртіп орныққан, бірлігі бекем елдің болашағы да жарқын болмақ. Бастысы, қолға алынған әрбір істің игілігін халық сезініп, әр азамат ертеңгі күнге сеніммен қарай алуы керек. Бұл – Әділетті әрі Өркениетті Қазақстанды қалыптастыру жолындағы ортақ мақсатымыз.

29 қараша ноября

МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ | ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

Мәслихаттар – тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіретін және оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын бақылайтын **жергілікті өкілді органдар**

5 жыл — Мәслихаттар депутаттарының өкілеттік мерзімі

Мәслихат депутаттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады

Қазақстан Республикасының 20 жасқа толған азаматы мәслихат депутаты бола алады

Мәслихат депутаттығына кандидаттар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның талаптарына сәйкес болуы тиіс

Аумақтық сайлау комиссиясы



Жолдауда алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жаңғырту, жалпы практика дәрігерлерінің өкілеттігін кеңейту және осы бағытты қаржыландыруды кезең-кезеңімен арттыру мәселелері көтерілді. Президент учаскелік қызмет мамандарының жалақысын үздіксіз еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін көтеруді де тапсырды.



Арсланбек МАҒЗҰМ,
«Әділет» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының Астана қалалық филиалының төрағасы:

БАҒАЛЫ БАСТАМАДАН – НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ

– Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауымен таныстым. Биыл Тәуелсіздігімізге 35 жыл толып отыр. Бұл – өткенімізге көз жүгіртіп қана қоймай, болашаққа қандай мақсатпен қадам басатынымызды айқындайтын маңызды кезең. Жолдауда көтерілген мәселелердің ішінде еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру, цифрлық технологияларды дамыту, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру және азаматтарға жаңа мүмкіндіктер ашу бағыттарын ерекше атап өткім келеді.

Бірінші – цифрландыру және жасанды интеллект. Бүгінде цифрлық технологиялар тек заманауи үрдіс емес, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын маңызды құралға айналды. Мемлекет басшысының цифрлық экономиканы дамытуға және жасанды интеллект мүмкіндіктерін нақты іске пайдалануға басымдық беруі өте өзекті. Әсіресе, смартфонды тек ақпарат тұтыну құралы емес, табыс табуға, білім алуға және кәсіби дамуға мүмкіндік беретін құрал ретінде пайдалану идеясын маңызды деп санаймын. Бұл жастар үшін жаңа кәсіптер мен еңбек нарығына шығудың тың жолдарын қалыптастыра алады.

Екінші – әлеуметтік инфрақұрылым және өңірлердің дамуы. Мектептер, ауруханалар, мәдениет және спорт нысандары – халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін маңызды нысандар. Сондықтан инфрақұрылымды дамыту жұмыстары нақты қажеттілікке негізделіп, сапалы әрі жүйелі жүзеге асырылуы керек. Қарқынды дамып келе жатқан Астана үшін де бұл мәселенің маңызы зор. Қала өскен сайын әлеуметтік нысандарға деген сұраныс артады. Ең бастысы, қаланың дамуы тұрғындардың өмір сүру сапасымен қатар жүруі қажет.

Үшінші – отандық өндіріс пен экономикалық дербестік. Елімізде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылған кезде құрылыс материалдарын, металл конструкцияларын және инженерлік жабдықтарды отандық өндіріс есебінен қамтамасыз етуге басымдық беру маңызды. Бұл ішкі нарықты дамытуға, кәсіпорындардың әлеуетін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді. Қазақстан табиғи ресурстарға бай мемлекет ретінде шикізатты өндірумен ғана шектелмей, оны терең өңдеуге, заманауи технологияларды енгізуге және қосылған құны жоғары өнім шығаруға ұмтылуы қажет.

Төртінші – жастардың әлеуетін іске асыру. Жастар саясаты саласында жұмыс істей жүріп, жас буынға мүмкіндік беруді қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Бүгінгі жастар білімді, бастамашыл және жаңа технологияларды тез меңгереді. Ендігі міндет – осы әлеуетті нақты нәтижеге бағыттау. Жастардың сапалы білім алуына, тұрақты жұмыс табуына, кәсіпкерлікпен айналысуына және қоғамдық бастамаларды жүзеге асыруына жағдай жасау қажет. Жас азаматтарға сенім білдірумен қатар, оларға жауапкершілік жүктеу де маңызды. Менің ойымша, ел дамуының маңызды көрсеткіші – қабылданған шешімдердің қарапайым азаматтардың өміріне тигізетін нақты әсері. Кез келген бастама нәтижесімен бағалануы тиіс.

Бүгінгі міндет – айтылған бастамаларды нақты іске айналдыру. Бұл – мемлекеттік органдардың ғана емес, кәсіпкерлердің, қоғамдық ұйымдардың және әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Қазақстанның болашағы – бүгінгі еңбегімізге, бірлігімізге және өзгерістерге қаншалықты дайын екенімізге байланысты. Еліміздің дамуына үлес қосу әрқайсымыздың азаматтық ұстанымымыздан басталады.

МЕРЕЙ



АҒА ЖОЛЫ

ұлт тұлғасы Сауытбек Абдрахманов туралы толғаныс

Біз адами лауазымдардың ең ардақтысы аға болу, ел ағасы болу дер едік. Аға «лауазымының» артықшылығы – сенің орныңа сырттай біреу қызықса да оны тартып алуға кез келгеннің әддісі мен әл-дәрмені жетпейді, әлімжеттік жасап орынтағыңнан түсіріп те тастай алмайды. Ағаның отырған орны мық шегедей – нық! Өйткені бұл мәртебелі орын үшін атпал азамат бүкіл жастығының жалынын, зейінінің арынын, әл-дәрменінің әлеуетін арнайды. Қала берді, бұл «лауазым» – қаймана жұрт таласа алмайтын қасықтап жиған абыройдың, шелектеп төккен тердің, енапат еңбектің, зая кетпеген ғазиз ғұмырдың мәуесі. Осы өлшеммен алғанда, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті публицист, дарынды ғалым – Сауытбек Абдрахмановтың бүгінде ағалықтың асқар биігінде тұрғаны талассыз.

Сөкталы тұлғаның тұла бойынан елдік мүдде жолында еңсе бүкпеген қаламгерді де, қайраткерді де, ғалымды да, ұстазды да, сана көкжиегі кең көшелі ағаны да көретініміз сондықтан. Яғни Сауытбек ағаның салиқалы соқпағы – бір тұлғаның ғана өмірбаяны емес, еліміздің егемендік шежіресімен үндескен, қазақ журналистикасының тұтастай дәуірімен сабақтасқан тарихтың тағылымды жолы.

Сауытбек Абдрахманұлының еліміздің баспасөзіне, мемлекеттік қызметіне, мәдениетіне, әдебиетіне, ғылымына сіңірген ересен еңбегінің жілігін шағып, жігін жатқызып жазатын небір аузы дуалы ағаларымыз баршылық. Біз бұл мақаламызда қайраткердің ағалық қырына ғана тоқталғанды жөн санап отырмыз.

Екі мыңыншы жылдардың басында бір топ журналист ел газеті – «Егемен Қазақстанға» тілші болып жұмысқа келдік. Бәріміз қасиетті құтхананың табалдырығын жаңа аттап жатқан тұста Сауытбек аға баспасөздегі басшылықтан Ақпарат министрі болып жауапты мемлекеттік лауазымға жаңа кірісіп жатқан еді. Атағы алты қырдан асатын айтулы қайраткердің қол астында қызмет ете алмағанымызға қынжылсақ та, қасымыздағы дегдар тұлға Ержұман Смайылдың тәлімін алатынымызға шүкіршілік еттік. Сөйтіп газеттің қарбаласы мол қым-қуыт тынымсыз тірлігіне білек сыбанып кірісіп кеттік. Шама-шарқымызша күнделікті шұғыл хабарлар дайындап, келе-келе қоғамда қордаланған шетін мәселелердің шетін үгітіп, сараптамалық мақалалар жазуға машықтана бастадық. Осы тұста әр дүйсенбі сайын редакцияда өтетін газетті апталық жоспарлау жиналыстарында Ержұман ағаның: «Сәукең жұма күнгі нөмірдің жақсы шыққанын айтты, пәленшенің руханият туралы мақаласының әлі де ширатар тұстары бар екенін жеткізді, түгеншенің банк туралы сараптамасына байыпты бағасын берді» деген тұшымды пікірлерін айта бастады. Осыдан кейін біз әр лездеме сайын төрімізде білдей министрдің өзі отырып, жазған дүниемізді оқып, баға беріп жатқандай сезінетін болдық. Сөйтсек, Сауытбек аға қай қызметте отырмаса да әрбір арайлы таңын «Егемен Қазақстанды» парақтаудан бастайтынын кейіннен естіп-білдік.

Бәзбіреулер үшін Сауытбек аға сырттай қарағанда сұсты, маңғаз, жанына жан баласын жуықтата қоймайтын кірпияз кісі көрінеді. Біз де басында осыдан қаймығып, жанына аса жақындай қоймағанбыз. Тек өзіне ғана тән С.Абдрахманов атты журналистік шеберлік мектебінің сыртқы бөлімінің студенті тәрізді ол кісінің тереңінен қопара жазатын жауһар дүниелерін тамсана оқып, жазу шеберлігін үйренуге барынша тырысып бақтық. Көрнекті қаламгердің әр жылдары жазған талдаулары мен мазмұнды сұхбаттары, әдеби-танымдық зерттеулері, аудармалары мен сын еңбектері біз үшін үлкен журналистік тәжірибе сыныбына айналды. Соңыра аңғарғанымыздай, ағамыз мүлде жабық адам емес екен. Оны артынша бас басылымның редакциясында сол кісінің қол астында қызмет еткен уақытта анық ұғындық.

Ел басшылығы араға жыл салып Сауытбек Абдрахманұлына өзі түлеп ұшқан ел газетінің тізгінін кезекті рет ұсынды. Аға басылымның елдік мұраттарды толғайтын қоғамдық ойдың ірі мінберіне айналып, өзінің салмағы мен салиқалылығын одан әрі арттырып, жаңа заман талаптарына бейімделіп, басылымның таралымы 212 мың данадан асқан асқақты шағы осы тұс болатын. Сол жылдары газетте жұмыс істейтін қанша әріптесіміз үйлі-күйлі болды, елордада «Егемен Қазақстанның» еңселі ғимараты бой көтерді, көп пәтерлі екі тұрғын үй, редакция жанынан жаңа келген қызметкерлердің пәтер алғанға дейін тұруына жағдай туғызған екі жатақхана үйі салынды. Сенсеңіз де сол, сенбесеңіз де сол – Сауытбек аға 2016 жылы депутат болып сайланып, Парламентке кеткен кезде редакцияда баспанасыз бірде-бір қызметкер қалмаған еді!

Талапшыл басшымыз бізді жаратып жүрген аттай жанжаққа іссапарға жіберіп, салмақты дүниелер жазуымызға да кең мүмкіндік туғызды. Мысалы, сол жылдары мен Еуропа, Азия, Америка құрлықтарының ең іргелі деген оншақты елдерінде журналистік сапарда болыппын. Өзім қатарлы әріптестерімнің де біразы табан суытпай талай елді аралады. Соның арқасында ел көрдік, жер көрдік, есейдік, естияр дүниелер жазуға дағдыландық.

Біраз жылдан кейін сол мақалалар топтамасын кітап етіп шығармақшы болғанымда, жинақтың нақтың алғы сөзін ағамыздың өзі жазды. «Егемен Қазақстанның» журналисі ретінде ол шетелдік сапарларының бәрінен олжалы оралып отырды. Журналистиканың дамуындағы әлемдік үрдістер дегенде алдымен айтатынымыз – ақпараттың жаһандануы, одан кейін ауызға алатынымыз – журналистика мен экономиканың қойындасып кеткендігі, бірігіп, кірігіп бара жатқандығы, содан соңғы сөз арқауы ететініміз – саралану мен мамандану десек, оның мақалаларынан осы сипаттардың бәрін көреміз» деп оң бағасын беруі мен үшін үлкен мәртебе еді.

Ең бір есте қалатын оқиға еліміздің жүрегі, тәуелсіз мемлекеттің тірегі – Ақорданың ашылу салтанатынан бас басылымға репортаж жазуым еді. Сауытбек аға менің саяси тақырыптарға қалам сілтеп жүретінімді ескеріп, ең әуелі салтанатты рәсімнің алдында сол кездегі Президент Кеңсесінің бастығы, ірі мемлекет қайраткері Махмуд Қасымбековпен осы тақырыпта сұхбат жасауға жіберіп, артынша айтулы оқиғаның ерекше маңызын халыққа жеткізуіме жағдай туғызды. Сол жылдары газеттің бірінші бетіне «Арқадағы Ақорда – Алашымның айбыны» деген мақаламның жарық көргенін әлі күнге дейін ерекше мақтан тұтамын. Тақырыпты осылай етіп өзі қойып беру арқылы Президент Әкімшілігі ғимаратының Ақ үй, Елисей сарайы, Кремль сияқты үлгімен Ақорда деген айшықты атпен аталуына тап Сауытбек Абдрахманов қозғау салғанын ана жылы баспасөз бетінде Жанболат аға арнайы жазды.

Сауытбек аға кадр даярлау ісіне аса жауапкершілікпен қарады. Әлі есімде, мені Президенттің Баспасөз қызметіне жұмысқа шақырғанда қаламы қалыптасып қалған журналисін әуелі жібергісі келмей, кейіннен «егемендіктердің» өсе бергені дұрыс деген тұжырымға тоқтап, батасын берген болатын. Сол жауапты орында бір жылдай қызмет атқарып, сүйікті газетіме қайта оралғанымда Сауытбек аға «Негізі мемлекеттік қызметтің қыр-сырын меңгеріп, қабырғаңды қатайта бергенің дұрыс еді» деген ақылын айтты. Сонымен сөз біткен. Арада сегіз ай өткенде мені Президент Әкімшілігінің Ішкі саясат бөліміне қызметке қайта шақырды. Сөйтсем ол жерге мені сыртымнан ұсынған Сауытбек ағаның өзі екен. Оны кейінірек белгілі жазушы, қаламгердің досы Әлібек Асқаров ағамыз тарқатып айтып берген еді. Осы жерде менің кәсіби тағдырыма тікелей қатысты тағы бір тағылымды сәт ойға оралып отыр. Әнебір жылдары мені Ақордаға сыртымнан жауапты саяси қызметке ұсынғанын естідім. Көп кешікпей сол қызметке орналасып, нәтижесінде еліміздегі танымал әрі салиқалы саяси қайраткердің қасында қызмет ету бақыты бұйырды. Сол кісі кейінірек «Мен сені қызметке қабылдар алдында сыртыңнан көп зерттедім. Бірақ соңыра Сәукең берген мінездемеден кейін бірден шешім қабылдадым» деген сөзі көп нәрсені аңғартса керек. Бір қызығы, басқа адам болса баяғыда-ақ өзінің осындай қамқорлық жасағанын қадап айтып, ұдайы еске салып жүретін еді. Мұндай елеулі істердің бірде-бірін Сауытбек аға маған ашық айтпаған екен. Дегдарлықтың, тектіліктің, ағалық асқақтықтың биік өлшемі осы болар деп түйдім.

> Шын мәнінде, Сауытбек ағамыз – ғибратты ғұмырында мемлекет қайраткері ретінде халыққа қалай қызмет етуді, баспасөздегі байыпты сүрлеуі арқылы сөздің қадірін қалай қастерлеуді, ғылыми еңбектері арқылы ой мен сананың салмағын қалай арттыруды жұртшылыққа үлгі еткен қарымды қайраткер

Сөз басында Сауытбек ағаның сегіз қырлы, бір сырлы біреге бекзат тұлға екенін атап өттік. Шын мәнінде, ағамыз – ғибратты ғұмырында мемлекет қайраткері ретінде халыққа қалай қызмет етуді, баспасөздегі байыпты сүрлеуі арқылы сөздің қадірін қалай қастерлеуді, ғылыми еңбектері арқылы ой мен сананың салмағын қалай арттыруды жұртшылыққа үлгі еткен қарымды қайраткер. Абзал ағаның бізге берген өнегесі әдебиет пен журналистиканың дәстүрін мемлекеттік қызмет тәжірибесімен ұштастырып, мемлекеттік қызметті қоғамдық оймен өзара үйлестіріп, ғылымды сөз өнерінен алшақтатпай, журналистиканың нақты тәжірибесімен сабақтастыра білуінде дер едік.

Ал осы үш тағаң, түптеп келгенде, елге адал қызмет ету деген қастерлі ұғыммен бір арнада тоғысып тұрғаны айдан анық.

Ғылымды сөз өнерінен алшақтатпай демекші, талантты ғалымның зерттеулері әдетте қасаң теорияларға құрылмай, қатардағы оқырманның өзі зейінмен оқып, зердесіне тоқитындай көркем стильде, жатық жазылады. Сонымен бірге төл әдебиеттің бұрын-соңды басқалар байқай қоймаған тың алқаптарын игеруімен де бұл еңбектер аса құнды. Мәселен, Пушкинді зерттеу арқылы Абайдың аудармашылық дарынына тереңірек бойласа, «Біздің Пушкин», «Төлтума мен телтума», «Алып Абай» еңбектерінде тәржіманы көркемдік, ұлттық дүниетаным және рухани үндестік тұрғысынан қарастырады. «Құран және Пушкин» зерттеуінде ол орыстың ұлы ақынының «Пайғамбар» өлеңіндегі бейнелер мен Құран және ислам дәстүрлер арасындағы сабақтастықты саралайды. Осы ретте суреткерді бағалау ғана емес, ұлттық ойлау жүйесін тануға бағытталған Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық әлеміне арналған «Абыз Әбіш» еңбегі үшін Сауытбек Абдрахманұлы 2020 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болғанын атап өтуіміз керек.

Тарихта әр буынның өз дәуірінің алға қойған талаптарының биігінде орындауға тиіс мінберлі міндеттері бар. Өткен жылдар шежіресін парақтап көрсек, Сауытбек Абдрахманұлының буынына Қазақстан тәуелсіздігінің іргесін бекітуге қызмет ету ырысы бұйырыпты. Бұл жас мемлекет үшін тоғыз тарау күрделі жолы мен қырық қатпар қиындығы бар аса жауапты кезең болғаны тарихтан мәлім. Осы тұста аға жолының азаматтық болмысы барынша айқындала түседі. Қарап отырсақ, азаттықтың арғы-бергі кезеңінде әңгіме кейіпкері өмір жолындағы ең жауапты кезеңдерді бастан өткеріпті. Өмірбаянына үңілсек, 1987 жылдан бастап қайраткер мемлекеттік басқару жүйесінде түрлі жауапты қызметтер атқарып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде, кейін Президент және Министрлер Кабинеті аппараттарында ішкі саясат, мәдениет және ұлтаралық қатынастар бағыттарында қажырлы еңбек еткен. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Мәдениет министрінің бірінші орынбасары, республикалық телерадио корпорациясының бірінші вице-президенті, кейін Ақпарат министрі болды. Ұзақ жылдар «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті лауазымын атқарды. Парламент Мәжілісінің екі шақырылымының депутаты ретінде ел өміріне қажетті қаншама заңдардың қабылдануына ұйытқылық етті.

Түптеп келгенде, қазіргідей цифрлық дәуірде ақпараттың қанша жыл сақталатынын адамзат әлі де тап басып айта алмайды. Ал келешек ұрпақтың танымына жол ашатын кітаптың ғұмыры қашанда ұзақ. Уақыт өтеді, заман өзгереді, технологиялар жаңарады. Бірақ ақылдан туған асыл ойдың құны ешқашан арзандамайды, жоқ болып жойылып кетпейді. Осы ретте Сауытбек ағаның қойны-қонышына әдебиет, мәдениет, кино мен театр, елдік сана мен мемлекеттік саясат, тәуелсіздіктің қастерлі шежірелері енген он томдығы тұтас дәуірдің үні ғана емес, ұлттың ойлау мәдениетінің, халқымыздың жадының мызғымас рухани айнасына айналатынына бек сенімдіміз.

Түйіндер болсақ, тереңдігімен һәм тектілігімен осылайша өнегеге айналған Сауытбек ағамызды кейде кейінгі буынға жол көрсету үшін әркез айналасына шуағын шашып жүретін жарық сәулеге теңегіміз келеді. Әлбетте, сол жарықтың ұзақ жылдар бойы жарқырай беруіне шын тілекшіміз.

Қуат БОРАШ,
жазушы

МЕНТОРЛАРДЫҢ ТЫҢ ТӘСІЛІ

Астана қаласында «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында мектеп менторларына арналған оқыту семинар-практикумдары өтіп жатыр.

